

В XXI ВЕКЕ НЕДОСТАТОЧНО ИЗМЕРИТЬ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ТРАНСПОРТНОГО КОРИДОРА ПО КАЧЕСТВУ ИНФРАСТРУКТУРЫ. УСПЕХ ТАКИХ ПРОЕКТОВ В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ ЗАВИСИТ ПРЕЖДЕ ВСЕГО ОТ СКОРОСТИ ОБМЕНА ДАННЫМИ, УРОВНЯ ЦИФРОВОЙ ИНТЕГРАЦИИ И ПРОЗРАЧНОСТИ ЛОГИСТИКИ. ПОЭТОМУ МЫ ЗАКЛАДЫВАЕМ ОСНОВУ ЕДИНОЙ ЦИФРОВОЙ ЭКОСИСТЕМЫ В СФЕРЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК. ГЛАВНЫМ ПРОЕКТОМ КАЗАХСТАНА В ЭТОЙ ОБЛАСТИ ЯВЛЯЕТСЯ ПЛАТФОРМА SMART CARGO. ЭТО ЕДИНОЕ ЦИФРОВОЕ ОКНО, ОБЪЕДИНЯЮЩЕЕ ТАМОЖЕННЫЕ, ЛОГИСТИЧЕСКИЕ И КОММЕРЧЕСКИЕ УСЛУГИ В ОБЩУЮ ЦИФРОВУЮ СРЕДУ. ГЛАВНАЯ ЦЕЛЬ – ФОРМИРОВАНИЕ ЕДИНОГО ЦИФРОВОГО ТРАНСПОРТНОГО ПРОСТРАНСТВА ЕВРАЗИИ.

Касым-Жомарт ТОКАЕВ,
Президент Республики Казахстан



№55 (3202)
21/07/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



КАЗАХСТАН – КЛЮЧЕВОЙ ХАБ ЕВРАЗИИ

Заместитель председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Ануар Ахметжанов выступил с докладом на заседании Австрийско-Казахстанской платформы взаимосвязанности, представив масштабные проекты по расширению пропускной способности транспортных коридоров, интеграции логистических цепочек и модернизации инфраструктурных активов.

В своем выступлении он отметил ключевую роль Казахстана как ведущего Центрально-азиатского хаба для европейского бизнеса, подчеркнув, что через страну сегодня проходит около 85% сухопутных железнодорожных перевозок из Китая в Европу, а общий объем транзита за последние пять лет вырос на 60%. Особое внимание на мероприятии было уделено

развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута. Для дальнейшего ускорения грузопотоков, в том числе по ТМТМ, ҚТЖ совместно с международными партнерами реализует стратегию опережающего развития: планомерно ликвидирует инфраструктурные «узкие места», объединяет терминалы в разных странах в единую бесшовную сеть и осуществ-

ляет тотальную цифровизацию логистических операций. Перевод документов в цифровой формат уже позволил сократить время обработки грузов с нескольких часов до считанных минут, превращая ТМТМ в максимально надежный, прозрачный и предсказуемый премиум-продукт для мирового рынка.

Асель ШАЙХЫНОВА

РЕШЕНИЕ В ИНТЕРЕСАХ ЕАЭС



Срок перехода на навигационные пломбы, произведенные в странах ЕАЭС, продлили до 1 января 2028 года. Такое решение принято Советом Евразийской экономической комиссии по предложению Казахстана.

Изначально требование использовать для отслеживания перевозок исключительно навигационные пломбы, произведенные на территории ЕАЭС, должно было вступить в силу 7 сентября 2026 года.

Казахстан предложил перенести срок, так как национальный оператор отслеживания грузоперевозок – Институт космической техники и технологий Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития РК в настоящее время использует около 10 тысяч арендованных пломб из третьих стран. Их досрочная замена потребовала бы дополнительных расходов. При этом производители ЕАЭС пока не закрывают потребность страны.

На заседании Совета ЕЭК казахстанская сторона во главе с заместителем Премьер-министра – министром национальной экономики Сериком Жумангариным озвучила эту инициативу. В Казахстане уже определили предприятия, которые займутся выпуском таких пломб. На запуск производства нужно время. По итогам обсуждения Совет ЕЭК поддержал предложение и продлил срок вступления решения Евразийской комиссии до 1 января 2028 года.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА

ҚҰРЫҚ ПОРТЫНДА КЕЗДЕСТІ



Құрық портына Қазақстан мен Әзербайжанның көлік-логистика саласы мамандарынан құралған арнайы делегация келді.

Оның құрамына Қазақстан – Әзербайжан Іскерлік кеңесінің тең төрағалары Дәурен Бимов пен Эмин Садыг, сондай-ақ Caspian Sea Lines компаниясының серіктесі Фуад Гусейнли кірді.

«Құрық порты» ЖШС Бас директоры Еркін Нығметов делегацияны порттың инфрақұрылымымен, оның өндірістік мүмкіндіктерімен және даму перспективаларымен таныстырды. Кездесу барысында тараптар Транскаспий халықаралық көлік бағдарын одан әрі дамыту және ынтымақтастық мәселелерін талқылады. ТХКБ – бүгінде әлемнің көптеген елдерінің қызығушылығын туғызып отырған тартымды жоба ретінде танымал.

Нұрбек БЕКЕН



Нұрлан ЖАҚЫПОВ,
«Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы:

БҮГІНГІ ТАҢДА КӨЛІК БАҒДАРЛАРЫНЫҢ БӘСЕ-КЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ЕНДІ ТЕК ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА ҒАНА БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС. ДЕРЕКТЕР, ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ БАРҒАН САЙЫН МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРЫП, ТАСЫМАЛДАУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ, ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ МЕН ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫН ЖАҚСARTUDЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫНА АЙНАЛУДА

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

КАЗАХСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДА ЖҮК ТАСЫМАЛЫ-НЫҢ КӨЛЕМІ БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДА

18,7млн
ТОННАҒА ЖЕТКЕН.

БИЫЛҒЫ ҚАҢТАР-МАМЫР АРАЛЫҒЫНДА ҚҰРЫҚ ПОРТЫНДАҒЫ АУЫСТЫРЫП ТИЕУДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

731,5мың
ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ АЛТЫ АЙДА ТЕМІР ЖОЛДЫ БЕЛГІЛЕНБЕГЕН ЖЕРДЕН КЕСІП ӨТКЕНІ ҮШІН

27мыңнан
АСТАМ АЗАМАТ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ.

Заң мен тәртіп

АКЦИЯ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Заң мен тәртіп тұжырымдамасы шеңберінде «Қауіпсіз өткел» және «Қауіпсіз темір жол» республикалық профилактикалық акциясын өткізуде.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Қазақстанның барлық өңірлерінде көлік полициясы департаменті, аумақтық полиция бөлімшелері, көлік прокуратурасы мен жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен ұйымдастырылып жатқан рейд барысында теміржол өткелдері мен теміржол инфрақұрылымы объектілеріндегі заң бұзушылықтардың алдын алуға басты назар аударылуда. Теміржолшылар көлік жүргізушілерге өткелдерді кесіп өту ережелерін, жаяу жүргіншілерге тек белгіленген жерлерден ғана өту қажеттілігін, ал ата-аналарға балалардың қауіпсіздігі

үшін жауапкершілік арқалайтынын ескертеді. Темір жолға жақын жүрудің, жол бойында ойнаудың қауіптілігі және вагондар мен байланыс желісінің объектілерінде селфи жасау әрекеттерінің салдары түсіндірілуде.

Акция аясында ұйымдастырушылар теміржол өткелдерінде рейдтер, автомектептерде профилактикалық дәрістер, автокөлік кәсіпорындарының жүргізушілерімен кездесулер өткізіп, пойыз жолаушыларымен және темір жолдың жанында орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен әңгімелесе отырып, темір жолдың қауіпті аймақ екенін еске салады. Қатысушыларға ақпараттық

жадынамалар таратылып, қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша сұрақтарға жауап беруде.

Профилактикалық жұмыстың жеке бағыты жолаушылар пойыздарында да жүргізілуде. Көлік полициясымен бірлесіп рейдтер ұйымдастырылып, жолаушыларға жолда жүру ережелері, жеке қауіпсіздік шаралары және қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілік түсіндіріледі.

ҚТЖ теміржол инфрақұрылымындағы келеңсіз оқиғалар санын азайтуға, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін арттыруға және азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған жүйелі профилактикалық жұмысты жалғастыруда.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМУДА



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Инфрақұрылым жөніндегі Басқарушы директоры – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры Сәкен Рахметов теміржол инфрақұрылымы объектілерінің жағдайымен танысу үшін Арқалыққа барды.

Жұмыс сапары барысында құрылымдық бөлімшелер басшыларының қатысуымен қорытынды кеңес өтіп, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, инфрақұрылымды күтіп ұстау, объектілерді алдағы пайдалану кезеңдеріне дайындау, сондай-ақ өндірістік жоспарлар мен ағымдағы міндеттерді орындау мәселелері қаралды.

Арқалық теміржол вокзалындағы жөндеу жұмыстарымен танысып, 1972 жылы салынған нысанды аралау барысында орындалған жұмыстардың сапасына, оның ішінде инженерлік және технологиялық жабдықтарды қосуға ерекше назар аударылды.

Бүгінде қайта жөндеуден өтіп жатқан ғимараттың ауданы 1 772-ден 2 400 шаршы метрге дейін ұлғаятын болады. Жұмыс көлемі бойынша II класқа жататын вокзал бір жолаушылар платформасымен жабдықталған. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Арқалық вокзалынан жөнелтілген жолаушылардың орташа тәуліктік саны 410 адамды, есептік орташа тәуліктік жолаушылар ағыны 799 адамды құраған. Арқалық станциясы арқылы сегіз пойыз жүреді, оның ішінде Астана, Қостанай және Шұбаркөл қалаларымен теміржол қатынасын қамтамасыз ететін төрт қала маңындағы қатынас бар.



Жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде бақылауды күшейту, анықталған ескертулерді уақытылы жоюды қамтамасыз ету және барлық жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтау тапсырылды. Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп вокзал маңы аумағын кешенді дамыту қажеттілігіне, сондай-ақ тұрғындар үшін теміржол қатынасының қолжетімділігі мен ыңғайлылығын арттыруды қоса алғанда, өңірдің көлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту мәселелерін пысықтауға баса назар аударылды.

Ұлан ОРАЗ

Планомерное обновление вагонного парка остается одним из ключевых направлений развития АО «Қазтеміртранс». До 2032 года компания намерена приобрести 13 тысяч новых грузовых вагонов, что позволит повысить надежность перевозок и обеспечить растущие потребности экономики в подвижном составе.

СЛЕДУЮЩИЙ ЭТАП ОБНОВЛЕНИЯ



Айлин БАУРЖАН,
Астана

АО «Қазтеміртранс» продолжает реализацию программы по обновлению вагонного парка, сочетая закупку нового подвижного состава с поддержанием высокой технической готовности действующих вагонов.

Важным этапом этой работы стало приобретение в 2023-2025 годах трех тысяч полувагонов отечественного производства, изготовленных ТОО «Казахстанская вагоностроительная компания». Новый подвижной состав задействован в перевозке социально значимых грузов, включая уголь и зерно, что способствует бесперебойному обеспечению внутренних потребностей страны и укреплению транспортной устойчивости.

Следующим этапом станет масштабное расширение парка. В соответствии с программой развития в 2027-2031 годах АО «Қазтеміртранс» планирует закупить 13 тысяч грузовых вагонов. Из них 10 тысяч составят полувагоны,



2,1 тысячи – крытые вагоны и 900 – зерновозы.

Реализация программы позволит увеличить провозные возможности компании, повысить эффективность грузовых перевозок и обеспечить стабильную работу железнодорожной отрасли в условиях растущего спроса на транспортные услуги.

Сегодня парк АО «Қазтеміртранс» насчитывает более 39,5 тысячи грузовых вагонов. Последовательное обновление подвижного состава остается одним из приоритетов компании, направленных на повышение качества и надежности перевозочного процесса.

ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ КӨШЕДІ

 Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе



ЖОБА

Никельтау – Қандыағаш учаскесінде қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған ЦАБ-АЛСО жүйесі іске қосылмақ. Бұл жоба пойыздар қозғалысын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, магистральдың өткізу қабілетін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Жаңа цифрлық кешен пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін күшейтіп, автоматика құрылы-ларының сенімділігін арттыруға және тасымалдау процесін басқа-рудың тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді. Никельтау станциясының басшысы Рустам Маратұлының айтуынша, жоба аясында станциядағы жұмыс орны толық жаңартылып, ескі сыртқы табло мен басқару пульті заманауи цифрлық жабдықпен алмастырылды. Соның нәтижесінде пойыздар қозғалысын бақылау жеңілдеп, жедел шешім қабылдау мүмкіндігі кеңейді. – ЦАБ-АЛСО жүйесін енгізу – Ақтөбе өңіріндегі теміржол инфрақұрылымын жаңғыртудың маңызды кезеңдерінің бірі. Жоба іске асқан соң магистральдың өткізу мүмкіндігі артып, жүк және жолаушылар тасымалының тұрақтылығы мен қауіпсіздігі жаңа деңгейге көтеріледі, – деді станция басшысы. Жобаның басты мақсаты – теміржол желісінің өткізу қабілетін арттыру. Қазіргі уақытта Қандыағаш – Никельтау бағытында тәулігіне 15 жұп пойыз қатынаса, жоба толық іске қосылғаннан кейін бұл көрсеткіш 25 жұпқа дейін өседі деп күтіледі. Ал Никельтау – Әйтеке би бағытында тәулігіне қатынайтын 7 жұп пойыз саны 25 жұпқа дейін ұлғаяды. Бұл өзгерістер жүк тасымалы көлемін арттырып қана қоймай, өндірің экспорттық және логистикалық әлеуетін күшейтуге ықпал ететіні сөзсіз. Сондай-ақ қозғалысты ұйымдастыру сапасы жақсарып, теміржолшылардың жұмыс тиімділігі артады.



КЕДЕРГІСІЗ ОРТА ҚҰРУҒА ҚАДАМ

 Бағдина СЕКЕРБЕК, Астана



СЕРВИС

Еліміздің бас теміржол қақпасы саналатын Астанадағы «Нұрлы жол» вокзалы мен республикадағы тағы 63 вокзал кедергісіз орта қалыптастыру бағытында маңызды жобаны іске қосты.

Енді ерекше қажеттіліктері бар жолаушыларды вокзал аумағында қарсы алу, шығарып салу және қолдау көрсету процесі толықтай автоматтандырылып, жаңа жүйеге көшірілді. Жаңа жүйенің басты артықшылығы – оның қарапайым-дылығында. Мүгедектігі бар азаматтар мен балалар сапарға шықпас бұрын билет.railways.kz сайтынан билет сатып алу кезінде өзіне қажетті көмекті алдын ала белгілей алады. Сайтта қалдырылған өтінім бірден вокзал қызметкерлерінің жұмыс орындарына біріктірілген орталықтандырылған жүйені басқару бағдарламасына автоматты түрде жолданады. Вокзал кезекшілері әрбір 30 минут сайын бағдарламаны тұрақты түрде бақылап, жаңа сұраныстарды бақылауда ұстайды. Жаңа өтінім анықталған бойда кезекші жолаушымен байланысқа шығып, көмек түрін нақтылайды және мәліметтерді бағыттаушы топқа береді. Сапар күні вокзал қызметкерлері жолаушыны кіреберістен немесе автотұрақтан күтіп алып, перронға және вагонға дейін жетектеп барады, ал кету бағыты бойынша вагон есігінен қарсы алып, көлігіне дейін қауіпсіз шығарып салады. Инженерлік тұрғыдан алғанда мұндай сервистің сапасы вокзалдың ішкі инфрақұрылымы мен құрал-жабдықтардың дайындығына тікелей байланысты. Мысалы, бүгінде «Нұрлы жол» вокзал кешенінде жолаушыларды вагонға қауіпсіз отырғызу және түсіру үшін австриялық Lehner Lifttechnik GmbH компаниясының PL 1400 моделіне жататын 2 арнайы мамандандырылған көтергіш механизмі жұмыс істейді. Бұл шетелдік жабдықтардың техникалық жағдайы өте қатаң бақылауда. Оларға көрсетілетін қызмет бекітілген регламентке сай жүргізіліп, қажетті қосалқы бөлшектер тікелей өндірушіден алдырылады. Айта кететін жайт, бұл сервис – тегін және тек қана жүріп-тұруды жеңілдетуге арналған әлеуметтік көмек, оның аясына жолаушының жеке жүгін тасымалдау кірмейді.

САҚТАНҒАН АБЗАЛ...

 Ұлан ОРАЗ, Астана



ҚАУІПСІЗДІК

Бүгінде телефон арқылы әрекет ететін алаяқтық жағдайлары жиілеп кеткені жасырын емес.

Соңғы кезде өзін ҚТЖ қызметкері ретінде таныстыра отырып, мессенджерлерге SMS және хабарламалар жіберетін жағдайлар белгілі болып отыр. Олар жиналыстарға шақырады немесе оны алаяқтық схемаларда қолдану үшін «Іа» деп жауап беруінізді сұрайды. Мұндай хабарламаларға сенбеңіз. Ақпаратты тек ресми ақпарат көздері арқылы тексеріңіз. Күмәнді ақпаратты тексеру үшін мыналарды пайдаланыңыз: NoFake.kz – фактілерді тексеру жөніндегі қазақстандық портал. Ресми Telegram арнасына мына жерден жазыла аласыз: https://t.me/nofakeofficialkz. Билеттер және пойыздар кестесімен, сондай-ақ ҚТЖ қызметтерімен байланысты мәселелер бойынша 1433 нөмірі арқылы тәулік бойы жұмыс істейтін бірыңғай анықтамалық қызметіне хабарласыңыз. Ақпаратты тексеріңіз, жеке деректеріңізді бермеңіз және күдікті сілтемелерге өтпеңіз.

Сұхбат

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы өткен жылдың қорытындысы бойынша теміржол инфрақұрылымының тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, негізгі өндірістік көрсеткіштер бойынша оң нәтижелерге қол жеткізді. Дирекцияға қарасты шаруашылықтар бойынша нақты қандай шаруалар атқарылды, не істелініп жатыр және алдағы күн еншісіне нендей жұмыстар жоспарланған? Осы сұрақтар бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Инфрақұрылым жөніндегі Басқарушы директоры – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының директоры Сәкен Рахметовті әңгімеге тарттық.

ТЕМІРЖОЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ ІРІ ЖАҢҒЫРТУ ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

– Сәкен Маратұлы, Магистральдық желі дирекциясы – Қазақстан темір жолындағы инфрақұрылымдарға жауапты ірі филиал. Сол себепті дирекцияға жүктелетін міндет көп, жауапкершілік жоғары. 2025 жыл сіздер үшін қандай жыл болды, өндірістік көрсеткіштер көңілден шықты ма?

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша негізгі өндірістік көрсеткіштер бойынша оң динамикаға қол жеткіздік. 2023 жылдан бастап 2029 жылға дейін 11 мың шақырым темір жолды жөндеуді көздейтін ауқымды бағдарлама кезең-кезеңмен жүзеге асырылып келеді. Оның мақсаты – теміржол жолдарының техникалық жай-күйін жақсарту және пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Міне, осы Бағдарламаны іске асырудың алғашқы үш жылы ішінде, яғни 2023-2025 жылдар аралығында жалпы ұзындығы 4 448 шақырым темір жол жөндеуді. Оның ішінде 1 641 шақырым күрделі жөндеуден өтті. Атап өтерлігі, аталған кезеңде жоспар 234 шақырымға артығымен орындалып, жыл сайынғы жөндеу жұмыстарының орташа көлемі 1 480 шақырымды құрады. 2026 жылы 1 577 шақырым темір жолға жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Сонымен қатар Дирекцияның өз күшімен атқаратын жұмыстар көлемі де жыл сайын артып келеді. Мәселен, Ағадыр жол машиналары станциясының (ПЧМ) күшімен орындалатын күрделі жөндеу көлемі 2,5 есеге ұлғайды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Бейнеу – Маңғыстау және Павлодар – Семей уакселерінде жолдың күрделі жөндеуіне деген қажеттілік толықтай жойылды. Ал 2026 жылы Семей – Аягөз және Мақат – Бейнеу бағыттарында күрделі жөндеу жұмыстары толық көлемде аяқталады. Сонымен қатар Астана – Алматы, Астана – Тобыл, Көкшетау – Қостанай, Арыс – Шенгелді және өзге де бағыттарда жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Жалпы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ұзындығы 1 283 шақырым учаскеде жолаушылар пойыздарының қозғалыс жылдамдығы артты. Ағаш шпал төселген жолдардың ұзындығы 71 пайызға қысқарып, 4 150 шақырымнан 2 957 шақырымға дейін азайды. Жөндеуді қажет ететін жолдардың ұзындығы 215 шақырымға қысқарып, 2 277 шақырымнан 2 062 шақырымға дейін төмендеді. Сондай-ақ ұзындығы 425 шақырымды қамтитын 95 жылдамдық шектеуі қойылған проблемалық учаске жойылды. Қозғалыс қарқындылығы төмен түйік бағыттардың 79 шақырымында жөндеу жүргізіліп, пойыздардың қозғалыс жылдамдығы сағатына 25 шақырымнан 60 шақырымға дейін ұлғайтылды. Соңғы үш жылда жол шаруашылығының жай-күйі тұрақты түрде жақсарғанын мобильді диагно-стикалық кешендердің тексеру нәтижелері де растап отыр. 2023 жылмен салыстырғанда жолдың қанағаттанарлықсыз жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер орта есеппен 35 пайызға төмендеді. Атап айтқанда, үшінші дәрежелі ауытқулар 35 пайызға, төртінші дәрежелі ауытқулар 40 пайызға, ал қанағаттанарлықсыз деп бағаланған жолдардың ұзындығы 29 пайызға қысқарды. Сонымен қатар былттыр жол шаруашылығындағы ескертулер, түйісулер мен қиылыстар, жүк пойыздарының белгіленген қозғалыс жылдамдықтары бойынша сегіз интерактивті дашборд әзірленді. Бұл ақпараттық панельдер өндірістік көрсеткіштерді жан-жақты талдауда, түзету шараларын жедел қабылдауға, жедел есептерді дайындау уақытын қысқартуға және басқарушылық шешімдерді уақытылы қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жүйеде соңғы бес жылдағы тарихи деректерді салыстырмалы түрде талдау мүмкіндігі қарастырылған. Бұдан бөлек, түйіспесі темір жолдардың жай-күйін бақылауға арналған автоматтандырылған жүйе тәжірибелік пайдаланудан өтті. Жоба түйіспесі жолдың техникалық жағдайын бақылау үдерісін автоматтандыруға, рельс тізбектеріндегі тем-пературалық кернеулердің өзгерісін бақылауға және жол шаруашылығы қызметкерлерін өзекті ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған. 2025 жылдың желтоқсан айынан бастап бұл жүйе Магистральдық желі дирекциясының барлық бөлімшелеріне кезең-кезеңмен енгізілуде. Жобаны толық аяқтау биылғы жылдың қыркүйек айына жоспарланған. Салалық цифрлық шешімдерді енгізумен қатар Магистральдық желі дирекциясы Huawei Kazakhstan компаниясымен бірлесіп «Зияткерлік операциялық орталық» пилоттық жобасын іске асыруда. Жоба өндірістік және жөндеу жұмыстарының орындалуын нақты уақыт режимінде орталықтандырылған түрде бақылауға арналған. Жүйеде негізгі өндірістік көрсеткіштер, жоспарланған және нақты орындалған жұмыс көлемдері, сондай-ақ есепті кезеңдегі орындалу динамикасы көрсетіледі. Сонымен бірге жұмыстардың барлық кезеңдері жан-жақты сараланып, басым және тәуекелі жоғары бағыттар айқындалған. Интерактивті дашбордтардың көмегімен жоспардан ауытқуларды жедел анықтауға, жұмыстардың орындалу мерзімдерін бақылауға және деректерге негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік бар.

–Дирекция бойынша жүзеге асырылған жобаларға тоқталсаңыз...

– 2025 жыл Магистральдық желі дирекциясы үшін теміржол инфрақұрылымын ауқымды жаңғырту мен оны дамытудың жаңа кезеңіне қадам басқан жыл болды. Бұл кезең сала тарихындағы ең ірі жаңғырту бағдарламасының басталуымен ерекшеленді. Бағдарлама өткізу қабілеті шектеулі, шамамен 3 мың шақырым теміржол учаскесін қамтып отыр. Бұл магистральдық желінің жалпы ұзындығының шамамен төрттен бір бөлігіне тең. Жаңғырту жұмыстары еліміздің жеті стратегиялық маңызды бағытында қатар жүргізілуде. Олар: Алтынкөл – Жетіген, Маңғыстау – Бейнеу, Қызылжар – Сексеуіл, Тобыл – Қандыағаш, Шалқар – Бейнеу, Ақсу – Жаңа-Семей және Әлімбет – Никельтау учаскелері. Бұл бағыттар экспорттық және транзиттік жүк ағындарын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Ең бастысы, бұл жұмыстар жыл сайын артып келе жатқан жоспарлы жол жөндеу көлемімен қатар жүргізілуде. Жоба аясында жалпы ұзындығы 2 188 шақырым болатын Ақсу – Жаңа-Семей, Тобыл – Қандыағаш, Қызылжар – Сексеуіл және Шалқар – Бейнеу бағыттарында цифрлық автобұғаттау жүйесін кезең-кезеңмен енгізу басталды. Сонымен қатар теміржол инфрақұрылымы заманауи микропроцессорлық орталықтандыру жүйесіне

көшірілуде. Жаңа-Семей, Шалқар және Бейнеу станцияларында өткен ғасырдың 50-жылдарынан бері пайдаланылып келген релелік жүйелер заманауи микропроцессорлық орталықтандыру жүйесімен алмастырылып, 213 бағыттама бұр-масы жаңартылуда. Сондай-ақ 38 релелік және 64 микропроцессорлық станцияны бірыңғай цифрлық автобұғаттау жүйесіне біріктіру жобасы ерекше маңызға ие. Бұл болашақта пойыздар қозғалысын басқару жүйесін толық цифрланды-рудың берік негізін қалайды. Инфрақұрылымды дамыту аясында 27 жаңа жол айрығын, ірі стан-цияларда 6 қосымша қабылдау-жөнелту паркін, қолданыстағы жол айрықтарында 15 жаңа жол және 32 шақырым екінші жол салу көзделген. Сонымен қатар Алтынкөл, Жаңа-Семей және Сексеуіл станцияларындағы үш сұрыптау жүйесі жаңғыртылуда. Бұл теміржол желісінің өңдеу және өткізу қабілетін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Қозғалысты ұйымдастыру жүйесінде де маңызды өзгерістер жүзеге асы-рылуда. Жартылай автоматты автобұғаттау жүйесі қолданылатын учаскелердің ұзындығы 55 пайызға қысқарып, 3 973 шақырымнан 1 785 шақырымға дейін азайды. Бұл – пойыздар қозғалысын басқарудың анағұрлым заманауи технологияларын көшудің нақты көрінісі.

2025 жылғы ең маңызды жобалардың бірі – Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан теміржол вокзалдарын кешенді жаңғырту бағдарламасы болды. Сәуір айынан бастап республика бойынша 125 теміржол вокзалын қайта жаңғырту және күр-делі жөндеу жұмыстары басталды. Бағдарлама ірі қалалармен қатар шалғай елді мекендердегі вокзалдарды да қамтып отыр. Осы жобаны іске асыру үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымында «Вокзалдарды жаңғырту дирекциясы» филиалы құрылып, құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру мен үйлестіру міндеті жүктелді. Ал Магистраль-дық желі дирекциясы өз тарапынан вокзал ша-руашылығының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, қайта жаңғырту кезеңінде жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын сақтауға жауап береді. Құрылыс жұмыстарының кең ауқымына қарамастан, жолаушыларға қолайлы жағдай жасау үшін уақытша ғимараттар ұйымдастырылып, пойыздарды күтуге және қажетті қызметтерді алуға барлық мүмкіндік қарастырылды.

– Цифрландыру – қазіргі уақыт талабы. Магистральдық желі дирекциясы бұл бағытта қандай нәтижелерге қол жеткізді?

– Өткен жылы цифрландыру және өндірістік процестерді автоматтандыру аясында электрмен жабдықтау шаруашылығына арналған жедел бақылау жүйесі іске қосылды. Бұл жүйе телемеханика құрылыстарының, автотрансформаторлық қоректендіру пункттерінің, жел жылдамдығының, сондай-ақ электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің жұмысын онлайн режимде бақылауға мүмкіндік береді. Мониторинг пен талдау құралдарын да-мыту шеңберінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы, инфрақұрылымдық жобалар, жолды күрделі жөндеу, технологиялық «толаскездер», жол шаруашылығындағы ескертулер, түйісулер мен қиылыстар, жүк пойыздарының белгіленген қозғалыс жылдамдықтары бойынша сегіз интерактивті дашборд әзірленді. Бұл ақпараттық панельдер өндірістік көрсеткіштерді жан-жақты талдауда, түзету шараларын жедел қабылдауға, жедел есептерді дайындау уақытын қысқартуға және басқарушылық шешімдерді уақытылы қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жүйеде соңғы бес жылдағы тарихи деректерді салыстырмалы түрде талдау мүмкіндігі қарастырылған. Бұдан бөлек, түйіспесі темір жолдардың жай-күйін бақылауға арналған автоматтандырылған жүйе тәжірибелік пайдаланудан өтті. Жоба түйіспесі жолдың техникалық жағдайын бақылау үдерісін автоматтандыруға, рельс тізбектеріндегі тем-пературалық кернеулердің өзгерісін бақылауға және жол шаруашылығы қызметкерлерін өзекті ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған. 2025 жылдың желтоқсан айынан бастап бұл жүйе Магистральдық желі дирекциясының барлық бөлімшелеріне кезең-кезеңмен енгізілуде. Жобаны толық аяқтау биылғы жылдың қыркүйек айына жоспарланған. Салалық цифрлық шешімдерді енгізумен қатар Магистральдық желі дирекциясы Huawei Kazakhstan компаниясымен бірлесіп «Зияткерлік операциялық орталық» пилоттық жобасын іске асыруда. Жоба өндірістік және жөндеу жұмыстарының орындалуын нақты уақыт режимінде орталықтандырылған түрде бақылауға арналған. Жүйеде негізгі өндірістік көрсеткіштер, жоспарланған және нақты орындалған жұмыс көлемдері, сондай-ақ есепті кезеңдегі орындалу динамикасы көрсетіледі. Сонымен бірге жұмыстардың барлық кезеңдері жан-жақты сараланып, басым және тәуекелі жоғары бағыттар айқындалған. Интерактивті дашбордтардың көмегімен жоспардан ауытқуларды жедел анықтауға, жұмыстардың орындалу мерзімдерін бақылауға және деректерге негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік бар.

Цифрлық трансформацияны жүйелі түрде жалғастыру аясында 2026 жылы «ҚТЖ» ҰК

ақпараттық жүйелеріне жүргізілген аудит нәтижелері негізінде әзірленген «Активтерді цифрлық басқару» бастамасын іске асыру жоспарланып отыр. Аталған бастаманың негізгі мақсаты – цифрлық технологиялар мен жасан-ды интеллект құралдарын пайдалану арқылы өндірістік активтерге техникалық қызмет көр-сету және жөндеу жұмыстарын жаңа деңгейге шығару, инфрақұрылымның сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыру және соның нәтижесінде ҚТЖ желісінің өткізу қабілетін ұлғайту.


– Магистральдық желі дирекциясының алдына қойып отырған мақсат-міндеттерімен, биылғы жылға жоспарлаған негізгі іс-шараларымен әңгімемізді қорытындыласақ...

– 2026 жылы Магистральдық желі дирекциясы алдында тұрған ауқымды міндеттерді кезең-ке-зеңмен іске асыру жалғасады. 2029 жылға дейінгі өткізу қабілетін арттыру және 11 мың шақырым темір жолды жөндеу бағдарламалары аясында биыл жеті инфрақұрылымдық жаңғырту жоба-сын жүзеге асыру және автобұғаттау жүйесін енгізу, сондай-ақ 1 577 шақырым темір жолға жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Сонымен қатар сигнализация және байланыс, электрмен жабдықтау шаруашылықтарын да-мытуға бағытталған бағдарламалық құжаттарды іске асыру жалғасады. Электрмен жабдықтау шаруашылығын дамыту бағдарламасы шең-берінде бірқатар нысандарға күрделі жөндеу жүргізіліп, жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Ал сигнализация және байланыс шаруашылығын дамыту бағдарламасы аясында СІБ және бай-ланыс құрылғыларын жаңарту мен техникалық тұрғыдан жетілдіру жұмыстары іске аспақ. Жа-санды құрылыстарды, оның ішінде көпірлер мен су өткізу құбырларын жөндеу көлемін ұлғайту қажеттілігі ескеріле отырып, 2026 жылы үш мамандандырылған көпір құрылысы жасағын жүз күшімен магистральдық теміржол желісі бойынша 140 нысанды жөндеу жоспарланып отыр. Осы міндеттерді сапалы орындау үшін 2026-2027 жылдары барлық мамандандырылған көпір құрылысы жасақтарын шағын механикаландыру құралдарымен және арнайы техникамен толық жабдықтау көзделген. Бұл өз кезегінде, күрделі жөндеу жұмыстарын мердігер ұйымдарды тартпай-ақ өз күшімізбен орындауға мүмкіндік береді. Жобалау-конструкторлық бюро құрылысының білесіздер. Енді инфрақұрылым нысандарын салу, жаңғырту және теміржолды күрделі жөндеу бойынша жобалық құжаттама-лардың негізгі бөлігін осы филиалдың күшімен әзірлеу жоспарланып отыр. Бүгінде инженер-лік-геодезиялық іздеуші жұмыстары QazTRF бірыңғай координаттар жүйесінде жұмыс істейтін GPS спутниктік жабдықтарының көмегімен жүргізілуде. Сонымен қатар BMI International холдингі және Anhalt университетімен бірлесіп Іле өзені арқылы өтетін ірі теміржол көпірінің жай-күйін автоматтандырылған мониторинг жүйесі арқылы бақылау жобасы басталды. Бұл көпірді күтіп ұстау мен жөндеу бойынша шешімдерді уақытылы қабылдауға мүмкіндік береді. Қызметкерлер үшін қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайларын қалыптастыру бағытында биыл да салалық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту бағдарламасы жалғасады. Оның ая-сында өндірістік және әкімшілік ғимараттар, асхана және демалыс бөлмелерін, санитар-лық-тұрмыстық нысандарды жөндеу, жылыту жүйелерін жаңарту, қызметтік автокөлікпен және жұмыс орнына жеткізуге арналған арнайы мототехникамен қамтамасыз ету көзделген. Биыл Қарағанды станциясындағы жұп бағыттағы сұрыптау дөңесін жаңғырту жобасы белсенді кезеңге өтеді. Сонымен қатар Астана теміржол торабының заманауи басқару орталығын салу жоспарланып отыр. Өндірістік міндеттермен қатар, қызметкерлерді қолдауға және корпора-тивті құндылықтарды нығайтуға бағытталған әлеуметтік бастамаларды дамытуға ерекше назар аударылуда. Мысалы, Магистральдық желі дирекциясы алғаш рет қолға алған «Жылы жүрекпен» әлеуметтік жобасын алайық. Жобаның ерекшелігі – қызметкерлер мен олардың отба-сыларына қолдау көрсетудің жүйелі моделінің қалыптастырылуы. Бұл бір реттік акция емес, моральдық, ақпараттық және дамытуға бағыт-талған көмекті біріктіретін кешенді әлеуметтік алаң. Жоба әрбір қызметкерге кеңес алуға, қажетті ақпаратқа қол жеткізуге және түрлі әлеуметтік бастамаларға қатысуға мүмкіндік беретін өзара қолдау ортасын қалыптастыруға бағытталған. Жобаның негізгі міндеттері қата-рында құқықтық және консультациялық көмек көрсету, өзара қолдау қоғамдастығын дамыту, қызметкерлердің құқықтық және әлеуметтік сауаттылығын арттыру, сондай-ақ серіктестер мен еріктілерді әлеуметтік жобаларға тарту көзделген. Жоба Қазақстан Республикасы заң консультанттарының республикалық алқасының, «SaBi Health» балаларды оңалту орталығының және «Bolashak Charity» қоғам-дық қорының қолдауымен жүзеге асырылуда. Барлық серіктестермен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Бұл құжаттар әлеуметтік бастамаларды жүйелі түрде іске асырудың берік негізін қалыптастырды.

Сұтәуір БАКЕСОВА



НОВЫЕ ЛОКОМОТИВЫ – НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ



Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Особое внимание компания уделяет обновлению маневрового парка, который обеспечивает погрузку, подачу и уборку вагонов на подъездных путях, а также работу крупных сортировочных станций. Для этих целей был заключен контракт с китайской компанией CRRC на поставку 100 современных маневровых тепловозов серии CKD6S. На сегодняшний день компания уже получила 67 локомотивов.

Как отметил заместитель генерального директора по локомотивному хозяйству – директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Константин Цой, выбор новой модели стал результатом многолетнего опыта эксплуатации предыдущего поколения маневровых локомотивов.

– Мы уже эксплуатировали тепловозы серии CKD6E, которые показали себя с лучшей стороны. При создании новой модели производитель учел наши предложения. Главное изменение – уменьшенная база тепловоза. Теперь он способен выполнять маневровую работу даже на сложных подъездных путях и участках с малыми радиусами кривых, – отметил Константин Цой.

Главным конструктивным преимуществом CKD6S стала укороченная база. Если предыдущая модель имела длину около 22 метров, то новая – всего 18 метров. Благодаря этому тепловоз значительно лучше проходит кривые малого радиуса и может выполнять маневровую работу там, где ранее приходилось использовать технику других серий.

Новые маневровые тепловозы уже распределены по наиболее загруженным железнодорожным узлам страны. Они работают в Павлодаре, Экибастузе, Астане, Караганде, Жанаарке и Балхаше. В этих же регионах организованы сервисные центры, обеспечивающие техническое обслуживание новой техники.

CKD6S предназначен для работы на сортировочных станциях, горках и подъездных путях промышленных предприятий. Это шестиосный тепловоз массой 138 тонн с конструктивной



